**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 1 қыркүйектегі N 244-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) екі ай мерзімде "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 1 қыркүйектегі
N 244 өкімімен
бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

---

Р/с| Нормативтік құқықтық | Кесімнің | Орындалу | Орындауға

| N | кесімнің атауы | нысаны | мерзімі | жауапты мемлекеттік орган |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы қыркүйек | ӘдМ, Мәдениетмині |
| 2. | Туындыларды жеке мақсатта қайта шығару үшін пайдаланылатын жабдықтар мен материалдық жеткізгіштердің тізбесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы қыркүйек | ӘдМ |
| 3. | Өнертабысқа және өнеркәсіптік үлгілерге патент, алдын ала патент, пайдалы модельдерге патент беруге арналған өтінімдерді жасау және ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы | Бұйрық | 2004 жылғы қыркүйек | ӘдМ |
| 4. | "Өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу мен тіркеуге байланысты қарсылықтарды апелляциялық кеңеске беру және онда қарау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 1 қарашадағы N 69 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Бұйрық | 2004 жылғы қыркүйек | ӘдМ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5. Тауар таңбасына берілетін куәлік нысанын және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына бері. летін куәлік нысанын бекіту туралы | Бұйрық | 2004 жылғы қыркүйек | ӘдМ |
| 6. Күзет құжатының нысаны мен өнеркәсіптік меншік объектісі авторының куәлігін бекіту туралы | Бұйрық | 2004 жылғы қыркүйек | ӘдМ |
| 7. Селекциялық жетістікке патент беруге арналған өтінімді беру және қарау ережесін бекіту туралы | Бұйрық | 2004 жылғы қазан | ӘдМ |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК